



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

24 қаңтар
сейсенбі
№7 (1914)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: ел еңсесін тіктей ме?

«Ауыл – ел бесігі» – ауыл экономикасын көтеруді мақсат еткен бағдарлама. Жалпы ауылға жасалып жатқан қамқорлық аз емес. Дегенмен атқарылатын істен, атқарылар жұмыс көп десек те болады. Себебі ауылдардың мәселесі аз емес.

Ауылдың суы, жолы, жарығы, отын-суы аудан, қаламен салыстырғанда сапасы жағынан төмен болатыны жасырын емес. Тіпті ауыл экономикасы да артта қалып барады. Ауылда жұмыс болмаған соң, қалада пәтер жалдап қара жұмысқа жалданатындар, өзге қалалардан, құрылыстардан күнкөріс қамымен жүрген де ауыл тұрғындары. Ауылдықтарға жұмыс көзін табу да үлкен мәселе. Себебі қайсыбір ауылда болмасын шағын жылжыжайлар мен фермалар жоқтың қасы. Өз күнін өзі көрген ауыл тұрғындарының бүгінгі тірлігі ерлікке тең десек артық айтқандық емес. Шын мәнінде ел экономикасын көтеретінде елді азық-түлікпен, өніммен қамтамасыз ету де ауылдан басталуы тиіс. Ол үшін ауылға жағдай жасалу керек екені айтпаса да түсінікті. Бүгінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы ауылдың инфрақұрылымын жақсартуға септігін тигізуде. Әлі де бұл жобадан күтер жақсылық көп.

Айта кетелік, бұл жобаны жүзеге асыруға биыл ел үкіметінен 143 млрд теңге қаржы бөлінді. Демек, ауылдарға серпін сыйлар жобалар жүзеге асады деген сөз.

2 БЕТТЕ



Облыс әкімдігінде аймақтағы атқарылар алдағы міндеттер сараланып, өзекті мәселелер бойынша мәжіліс өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев төрағалық етті. Жиынға облыстық басқарма басшылары мен қала, аудан әкімдері қатысты.

АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР САРАЛАНДЫ

Мәжілісте облыс орталығы мен аудандарда жүзеге асырылатын жобалар талқыланды. Атап айтқанда, Қызылорда облысының даму перспективалары бойынша Үкіметте өтетін арнайы жиын мәселелері пысықталды. Үкімет басшысының Сыр өңіріне жұмыс сапары аясында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы сараланып, бірқатар тапсырма берілген болатын. Облыс әкімі алдағы Астанада өтетін жиында аталған тапсырмалардың орындалу барысын баяндайды. Одан бөлек жауапты орталық атқарушы мемлекеттік органдар да өз салалары бойынша атқарылған жұмыстар жайлы ақпарат береді деп күтілуде.

Аймақтың қоғамдық-саяси ахуалын талқылаған мәжілісте облыс әкімі қала және аудан әкімдері мен тиісті басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ПРЕЗИДЕНТ СЫЙЛАҒАН СЫЙ

Кешкілік уялы телефоным шыр ете қалды. Хабарласып тұрған Сыр елінің ертегіші қызы, ең жас жазушы болып таныла берген Алтынай сіңілім екен.

– Алло, тәте, қалайсыз?

Сізге айтар жақсы жаңалығым бар, – Алтынайдың қуанышында шек жоқ екені даусынан-ақ байқалды.

– Шүкіршілік, жақсымыз. Ал, айта ғой.

– Маған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау хат пен сыйлық жіберіпті, – деген Алтынайым әрмен қарай қандай сыйлықтар жібергеніне тоқтала кетті.

Ертегіші Алтынай Берікті бүгінде ел таниды, жақсы көреді. Кішкентайлар сүйіп оқитын «Ертегілер», «Ертегілер елінде», «Жас қанат», «Халқымыңның жүрегіне жетсе деп ем...» кітаптарының авторы. Тіпті оның өз оқырмандары да баршылық. Оқушы кезден-ақ оның өзге орендерден болмысы бөлек болды. Бала күнінен қолынан қағазы мен қаламы түспеді. Үнемі ой үстінде жүргенін көретінбіз. Расында, сол кезде оның жасындағылар ойын баласы болса, Алтынай мүлдем басқа еді. Ойы ұшқыр, өздігінен әңгіме, ертегі құрастыратын кішкентай қыз бүгінде М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің, бастауыш білім беру бөлімінде 2 курс студенті.

– Өзім бірнеше кітаптың авторымын ғой. Соның ішінде тартуым болсын деп, – «Жас қанат», «Халқымыңның жүрегіне жетсе деп ем...» деген қос кітабымды Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа жіберген едім. Осы аптада облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сактағанов қабылдап, елордадан келген сый-сияпатты табыс етті. Қуанғаным соншалық, сол жерде мына өлең шумағын шығарып, оқып бердім:

Ойламадым алам деп марапатты,
Марапат біздер үшін дара, тәтті.
Шабытымды оятты бұл марапат,
Шыға берсін жырларым ғажап сәтті.
Еңбектің байқап тұрмын бұл жемісін.
Таусылмайды білімге ізденісім.
Бала демей қалдырмаған қатарымнан,
Рәкметім теңіздей сіздер үшін, – деген әсерімен бөлісті кейіпкеріміз.

Мемлекет басшысы біздің Алтынай қызымызға құттықтау хатымен бірге өзінің «Өке туралы ой-толғау» атты кітабын, қаламсап пен алтын қол сағатты сыйға тартыпты.

– Осындай жетістікке жетуіме Алладан кейін әжем Шолпан Шәріпбайқызының еңбегі зор. Сол себептен алтын сағатты әжем тағады, – деді Алтынай. Үйдің үлкені болған соң ол ізінен ерген бауырларына қарайласып әрі әжесіне де қолғабыс етеді. Талантты қыздың таудай талабына біз де тілекші болдық.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

ЗАҢДАСТЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ: 17 КӨЛІК ТІРКЕЛДІ

Күні кеше шетелдік автокөліктерді тіркеу басталды. Осыдан оншақты жыл бұрын басталған көліктер керуені бүгінге дейін жалғасып келеді. Шетелде тіркелген көліктерді Қазақстанда сақтандыру арқылы басқарып жүргендер қатары көп. Олардың арасында тіркеуден алынған, ұрланған және айыппұл арқалағандары да аз емес. Бұл олқылықтың алдын алу мақсатында ел президентінің тапсырмасына сәйкес қазақстандық жүргізушілерге көліктерін тіркеуге бір реттік мүмкіндік берілген болатын.



УНИВЕРСИАДА

АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласында өткен 2023 жылғы қысқы Универсиада аяқталды.

Байрақты бәсекеде ел намысын қорғаған қазақстандық спортшылар үшін алтын, төрт күміс, төрт қола жүлде жеңіп алып, медальдар кестесінде он бірінші орынға ие болды.

ОҒЛАНДАР ОЗҒАН ДОДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев XXXI дүниежүзілік қысқы универсиадада табысты өнер көрсеткен Қазақстанның студенттер құрамасын құттықтап, жылы лебізін білдірді.

«Сіздердің жарқын жеңістеріңіз күллі жанкүйер қауымға зор қуаныш сыйлады. Дүниежүзілік қысқы универсиадада сіздер шеберлік пен жеңіске деген ерік-жігеріңізді бірегей үлгісін көрсеттіңіздер. Байрақты бәсекеде жастарымыз ел сенімін ақтап, алтын, күміс және қола медальдарға ие болды.

Спортшыларымыздың мұндай жоғары нәтижеге қол жеткізуіне жаттықтырушыларымыз елеулі үлес қосты. Елімізде бұқаралық және балалар спортын дамытуға барлық жағдай жасалып жатыр. Құрама командалық Универсиада ойындарындағы тамаша өнері мыңдаған жасты

жігерлендіріп, жеңістерге бастайтыны анық», – деді Президент.

Отандастырымыз әлем алдында еліміздің атын асқақтатып, көктуымызды үш мәрте көкте желбіретті.

Атап айтқанда, Бекентай Тұрлыбеков (биатлон), Вадим Куралес (биатлон) және Данил Васильев (шанғымен секіру) чемпионы атанды.

Шорт-тректен (ерлер және аралас) және шаңғымен трамплиннен секіру (ерлер) бойынша Қазақстан құрамалары, Александр Мухин (биат-

– Шетелдік автокөліктерді тіркеу туралы өтініш білдіргеннен кейінгі бірінші кезеңнің өту тәртібі бойынша тіркеу туралы оң нәтиже анықталып, хабарламаға өтінім беріп, қабылданғаннан кейін Қызылорда қаласындағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына келеді. Бұл жерде көлік құралының тіркелу агрегаттары бойынша тексеріс жұмыстары жүргізіледі. Тексеру жұмыстарын департаменттің криминология

полиция басқармасының арнайы мамандары тексереді. Тексерістен сәтті өткеннен кейін, көлік құралын алғашқы тіркеу жарнасы бойынша 200000 теңге, көлік құралын тіркеу куәлігі мен мемлекеттік белгі алу үшін 13970 теңге төлеу керек. Аталған құжаттар орталық қызметкерлеріне өткізілгеннен кейін ішкі істер министрлігінде қаралып, оң нәтиже анықталса Қазақстан Республикасының мемлекеттік белгісі мен тіркеу туралы куәлігі берілетін болады, – деді облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының процессингтік орталық бастығы, полиция майоры Нұркен Бақтияров.

Тіркеуден өтудің бірінші кезеңінде қателіктер орын алған жағдайда себептері анықталып, ішкі істер органдары қызметкерлері бірігіп шешілу жолы қарастырылатын көрінеді. Көбіне қиындық Ресей Федерациясынан келетін автокөліктерде арнайы шектеу болып, тіркелу уақыты сәйкес келмеуімен байланысты екен.

Шетелдік көліктерді заңдастырудың алғашқы күнінде Қызылордада 17 шетелдік көлік тіркеліп үлгерді. Грузия автокөлігін 2022 жылдың 4 сәуір күні алған Ербол Назаров есімді қала тұрғыны арнайы келендік бақылаудан сәтті өткен. Ал қазір 215000 теңге төлемақы жасап көлігін заңдастырды. Көлік иесі өз сөзінде халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерінің жұмысына көңілі толатыны және тіркеу шарасы заң аясында жүргізілгенін айтты.

Көлікті Қазақстанда тіркеу үшін электронды үкімет порталы, екінші деңгейлі банк қосымшалары немесе ХҚКО-ның «Өз-өзіне қызмет көрсету секторы» арқылы өтініш беруге болады.

Нұрлауен ЖӘРДЕМХАН,
Қорқыт ата атындағы ҚУ 4 курс студенті



лон) күміс медаль жеңіп алды. Қола жүлдені хоккейден Қазақстан ерлер құрамасы, биатлоннан әйелдер құрамасы, Александр Мухин (биатлон) және Ксения Шалыгин (биатлон) жеңіп алды.

12-22 қаңтар аралығында өткен спорт додасына әлемнің 50 елінен 1443 спортшы қатысты. Халықаралық жарыста Қазақстан намысын 78 спортшы қорғады.

Жалпыкомандалық есепте Жапония құрамасы 48 медальмен жеңіске жетті. Оңтүстік Корея 29 жүлдемен екінші болса, Канада 13 жүлдемен үздік үштікті түйіндеді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

«АҚМЕШІТ» ЛИЦЕНЗИЯДАН АЙЫРЫЛҒАН ЖОҚ



4 БЕТТЕ

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, республикада 6293 ауылдық елді мекен бар, онда 7,8 млн адам тұрады. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 2019-2022 жылдары 326 млрд теңгеге 3,7 мың жоба жүзеге асқан. Бұл тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы саласындағы 334 нысанды, 1,2 мың әлеуметтік инфрақұрылым нысанын (білім беру, денсаулық сақтау, спорт және 2 мыңнан астам ауыл ішіндегі жолдар салынып және жөнделген. Биыл да бөлінген қаржы аз емес. Атап айтқанда, биыл республика бойынша 736 ауылда 143 млрд теңгеге тағы 1,5 мың жобаны жүзеге асыру жоспарланыпты. Оның ішінде 119 жоба ТКШ саласында, 275 жоба әлеуметтік инфрақұрылым бөлігінде, сондай-ақ 11 мың жоба ауыл ішіндегі жолдардың жағдайын жақсарту бойынша іске асырылмақ.

Өткен жылы жоба аясында облысымыздың 31 ауылдық елді мекенінде 52 инвестициялық жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 7,5 млрд теңгеге жуық қаржы қаралған. Нәтижесінде Қармақшы ауданы Жосалы және Ақай елді мекендеріндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, Қызылорда қаласындағы Қарауылтөбе, Талсуат елді мекендерінде ауылдық клуб салынууда. Сондай-ақ Жанақорған ауданы, Бірлік ауылындағы орта мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өткен. Ал спорт саласы бойынша 11 жоба жүзеге асып, 2021 жылдан бері 5 денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтау, жаңадан 4 кешен салу, 2 спорт кешені жөндеуден өткен. Бұл жоба өткен жылы 3 ауылдық елді мекенге жаңа клуб сыйласа, 2 ауылдың клубы күрделі жөндеуден өткен. Сонымен қатар

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: ел еңсесін тіктей ме?



Биыл Қызылорда облысы бойынша «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы құны 7,6 млрд теңге қаржы бөлініп, 159 жоба жүзеге аспақ. Жоба аясында Қазалы ауданы Қ.Пірімов ауылындағы мектеп күрделі жөндеуден өтеді деп жоспарланған. Сондай-ақ Ақжол ауылында спорт кешенінің құрылысын аяқтау, Шиелі ауданындағы Көкшоқы шағын ауданындағы спорт кешені ашық алаңын күрделі жөндеуден өтпек. Сонымен қатар Жанақорған ауданы Қырқеңсе ауылдық округіндегі ауылдық клубты күрделі жөндеуге және 4 ауылдық елді мекеннің ауруханаларын жөндеу, ауыл ішіндегі көшелерді жөндеу жүзеге аспақ. Бұдан бөлек тағы да 41 жобаның құжаты әзірленіп, тиісті министрлікке бюджеттік өтінімдер ұсынылуда.

«Ауыл – ел бесігі» жобасының жүзеге асу барысы жуырда Үкімет отырысында талқыланды. Үкімет басшысы 2027 жылға қарай әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдың бәрін өңірлік стандарттар жүйесіне сай дамыту жоспарланғанын атап өтті. «Оған сөйкес ауылдарда сапалы жолдар мен мәдениет, спорт және денсаулық сақтау нысандары, мектептер міндетті түрде болуы тиіс, сондай-ақ ауыл инфрақұрылымын дамытуға баса мән беріледі. Біздің басты мақсатымыз – ауылдағы өмір сапасын жақсарту. Қазірдің өзінде нақты нәтижелер бар», – деді Премьер-министр.

Үкімет басшысының айтуынша, 2027 жылға қарай ауылдық елді мекендерде судың сапасы мен жолдардың жағдайы жақсарады, инженерлік желілер жөнделіп, әлеуметтік, мәдениет және спорт нысандары салынбақ.

Аталған жоба Сыр еліне қандай серпін берді дегенге келейік. «Ауыл – ел бесігі» жобасы басталғалы бері 3 жыл ішінде (2019-2021) аймақта құны 11 млрд теңгеден асатын 173 инвестициялық жоба жүзеге асқан.

Басы 1-бетте

«Ауыл – ел бесігі» жобасы басталғалы бері 3 жыл ішінде (2019-2021) аймақта құны 11 млрд теңгеден асатын 173 инвестициялық жоба жүзеге асқан.

Жанақорған кентінде жарық желілері жаңарып, аймақта 3 елді мекеннің 1045 тұрғын үйі «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілген. Сондай-ақ 7 елді мекеннің көшелері жөнделіп, 17 әлеуметтік нысанның қазандығы «көгілдір отынға» ауыстырылған.

Биыл Қызылорда облысы бойынша «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы құны 7,6 млрд теңге қаржы бөлініп, 159 жоба жүзеге аспақ. Жоба аясында Қазалы ауданы Қ.Пірімов ауылындағы мектеп күрделі жөндеуден өтеді деп жоспарланған. Сондай-ақ Ақжол ауылында спорт кешенінің құрылысын аяқтау, Шиелі ауданындағы Көкшоқы шағын ауданындағы спорт кешені ашық алаңын күрделі жөндеуден өтпек. Сонымен қатар Жанақорған ауданы Қырқеңсе ауылдық округіндегі ауылдық клубты күрделі жөндеуге және 4 ауылдық елді мекеннің ауруханаларын жөндеу, ауыл ішіндегі көшелерді жөндеу жүзеге аспақ. Бұдан бөлек тағы да 41 жобаның құжаты әзірленіп, тиісті министрлікке бюджеттік өтінімдер ұсынылуда.

Бір сөзбен айтқанда, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында ауылдардың жоғы түгенделіп, «жыртығы жамалып» қалатыны анық. Ең бастысы, бөлінген қаржы нәтижесін ауыл халқы сезініп, оқтаудай түзу көшелер, ел игілігіне пайдаланар еңселі ғимараттар салынса жобаның өз мақсатына жеткені.

2023 жылда:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақының ең төмен мөлшері – 70 мың теңге.
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 24 341 теңге.
- зейнетақының ең төмен мөлшері – 53076 теңге.
- айлық есептік көрсеткіш – 3 450 теңге.
- базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күн-көріс деңгейінің шамасы – 40567 теңге болып белгіленді.



Оңтүстіктен солтүстікке көшетіндер үшін жыл сайын квота бөлініп, Үкімет тарапынан жағдай жасалып жүргені белгілі. Айта кетелік, солтүстікке қоныс аударушыларға қолдау мен көмек бар. Тұрақты жұмыс, баспана, біржолғы төлем де беріледі. Мұндағы мақсат – қоныс аударушылардың аяққа тұрып кетуіне жағдай жасау. Биыл қоныс аударушыларға бөлінген квота саны көбейген.



Квота көбейді, көшетіндер ше?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен қандастар мен қоныс аударушыларға 2023 жылы 8 652 адамға өңірлік квота белгіленді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 566 адамға көп.

2023 жылғы квота келесідей үлестірілді:

Қандастар үшін:

- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 138 адам.
- Қостанай облысы бойынша – 150.
- Абай облысы бойынша – 196.
- Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 239.
- Ақмола облысы бойынша – 270.
- Павлодар облысы бойынша – 932 адам.
- Қоныс аударушылар үшін:
- Қарағанды облысы бойынша – 33 адам.

- Ұлытау облысы бойынша – 120.
- Абай облысы бойынша – 238.
- Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 305.
- Қостанай облысы бойынша – 530.
- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 2 660.
- Павлодар облысы бойынша – 2 841 адам.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қолдау үшін қосымша субсидия түрінде көмек беріледі. Атап айтқанда, көшу үшін отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) көлемінде біржолғы төлем беріледі.

Бір отбасына 12 ай ішінде тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығындарын жабу үшін 15-тен 30 АЕК-ке дейін (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) төленеді.

35 жасқа дейінгілерге тағы бір мүмкіндік

Биыл жастар үшін тағы бір жағымды жаңалық – төмен пайызбен несие берілетіндігі. Кәсіп бастаймын деген жастарды Үкімет қолдауға дайын. Ал мүмкіндікті пайдалану ынта мен еңбекқорлыққа байланысты.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде жастарға жеңілдікпен шағын несие беру беру қағидасын бекітті. Қағидада көрсетілгендей, 35 жасқа дейінгі жастарға кәсіп бастауға және кәсіппен айналысып жүргендерге 5 млн теңгеге дейін шағын несие конкурстық негізде беріледі. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы берілетін несиенің жылдық пайызы – 2,5 пайыз. Несие берудегі бір талап – кепілдің болуы. Жеңілдетілген несие 5 жылға, ал мал шаруашылығымен айналысатындар үшін 7 жылға дейін беріледі.



НАРЫҚ

Елімізде пиязды үш ай бойы экспорттауға тыйым салды. Себебі ішкі және сыртқы нарықта да пиязға сұраныс артқан. Мамандардың айтуынша, әлемдегі геосаяси жағдай нарықтағы барлық өнім бағасына әсер етуде. Сонымен қатар әлемдегі пияз өндіруші ел саналатын Пәкістанда табиғи апаттардың орын алуы, су тасқынының әсері пияз өсірушілерді шығынға батырған. Сондай-ақ көрші Өзбекстан мен еліміздегі оңтүстік өңірлерінің шаруалары қатты аяз салдарынан өскен тұқымдарын үсік шалып, өнім шығара алмай қалды. Осындай факторлар әсерінен еліміздің ішкі нарығының өзінде пиязға сұраныс артты.

«Бұл пияз бағасын тұрақты ұстап тұру үшін қажет. Пияз қоры елімізде жеткілікті. Басқа елдерде табиғи катаклизмдер болып, соның әсерінен, мына экспорт тым ұлғайып, ішкі нарықта пияз болмай қала ма деген қауіп бар. Сондықтан

Пиязға сұраныс артты

ведомствоаралық комиссия осындай шешімге келді», – дейді Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз хатшысы Дамир Егізбаев.

Пиязға сұраныстың артуы өткен жылғы қант тапшылығын қайталамай ма деген аландаушылық та жоқ емес. Бұл орайда Сауда және интеграция министрлігі мұндау аландаушылыққа еш негіз жоқ екенін хабарлаған.

«Аландауға негіз жоқ. Қолдағы қор халықты толық қамтамасыз етуге жеткілікті.

Қазақстандықтар жылына шамамен 360 мың тонна пияз тұтынады, ай сайынғы сұраныс шамамен 25-30 мың тоннаны құрайды. Яғни, қолда бар пияз қоры көрші елдерден ерте егін түскенге дейін халықтың сұранысын толық қамтамасыз етеді. Бұл – алдағы сәуір-мамыр айлары. Үкімет тарапынан нарықтық жағдай бақыланып, фермерлер мен қарапайым халық үшін пияз экспортына тыйым салудың жағымсыз салдарын азайтуға жағдай жасалып, мұқият қадағалауда болады», – деп хабарлайды министрліктің баспасөз қызметі.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2022 жылы елдегі пияздың өнімі 1,1 миллион тоннаны

құраған. Қазақстандықтар жыл сайын бұл көлемнен 3 есе аз тұтынады екен. Бүгінде елімізде бір келі пияздың орташа бағасы – 169 теңге болса, Шығыс Қазақстан облысында – 238 теңге, ал ең арзан баға Алматыда – 111 теңге екен. Ал Қызылорда облысында – 250 теңге.

Нарық заны бойынша сұраныс қай өнімге артса, сол өнім бағасы шарықтап шыға келетіні белгілі. Ең бастысы, пияз да қат өнімге айналмасын делік. Бұл орайда тиісті мамандардың ұтымды шешім қабылдап, нәтижелі жұмыс істегені маңызды.

Бетті дайындаған
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА
Суреттер ашық дереккөзден алынды



Тәуелсіздік – тыныштық пен еркіндіктің белгісі. Бейбіт елдің азаматы екенінді сезіну қандай бақыт! Қорғансыз, зорлық пен қанаушылық үстемдік құрған ортада өмір сүру мүмкіндігі болмайтыны рас. Еркіндік! Теңдік! Бостандық! Мұндай тамаша өмір салтанаты бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабамыздың ақыл-ойы мен зиялы еңбегінің арқасында біз бақыттымыз. Тыныш, бейбіт өмірдің құдіреттілігін бағалай білуіміз керек.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДЕ БАҚЫТТЫМЫН



Әсем
ПЕРУЗХАН,
№ 7 мектеп-
лицейдің
9 сынып
оқушысы



Халықтар достығы, адамдар арасындағы мәдениетті қарым-қатынас үлкен мәртебеге ие. «Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ» – деп әрбір халық қайратына мініп, достық үшін өрге басса, алынбайтын қамал жоқ. Адам өз халқының адамдарын қалай құрметтеп, сүйе білсе, басқа халықтардың да адамдарын солай құрметтеп, сүйуге міндетті. Әрбір адамның тарихи маңызы оның Отанға

еткен еңбегімен, ал адамгершілік азаматтығы оның патриоттық күшімен өлшенеді. Отанын сүю, Әнұранын қастерлеу, Туын құрметтеу – патриот адамның өнегесі.

Күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің мәні де, сәні де – тыныштық. Тыныштықты әкелген Тәуелсіздік! Тәуелсіз ел болу, ешкімге тәуелді болмау, ел байлығын өзін тұтыну – не деген бақыт десеңізші! Достарыммен туған ел, туған жер, өскен ортамның тыныштығы мен жақсылығын айтып, сыр бөлісемін. Тәуелсіздікті бағалап, ардақтап, тыныш өмірдің мәнін, бағасын түсіне білеміз.

Бақытты балалық шағымның таңы тыныш атып, қиындық көрмесек екен! Өз Отанын жақсы көріп, оның бақыты үшін күресу – үлкен жүректі адамдардың ісі. Ол – тәуелсіздіктің ақ таңын жан дүниесімен сезіне білген жанның ісі.



Жансая МӘЛІК,
«Ұлағат» білім
ордасы» мектебінің
10 сынып оқушысы

ӘКЕ МЕН БАЛА

Мектепке бара жатқан бала едім, Кешігіп қалғанмын да шала едім. Автобус уақытында келмей қойды, Сарыла күтіп, жолға қарап едім.

Басыма неше түрлі ойлар келді, Күн аяз, дала суық әрі желді. Ойланып тұрғанымда анау жерден, Көрінді әке менен бала енді, Апарарды баласын бақшасына, Қарыздармыз әр түйір ақ шашына. Әрбір әке қалайды баласының, Ұқсағанын елінің патшасына.

Баласы 3-4 жастаң шамасында, Бір қарасаң көзіңмен шаласың да. Баласының жаурап, тоңып қалғандығын, Байғұс әке жүрегі қаласын ба?

Әке деген сендегі бар асылың, Анаң менен екеуі жанашырың. Күрткенің қалпағына салып қойған, Тонбасын деп қолдарын баласының.

Көргенде елжіретіп жүрегімді, Әкен сенің тілейді тілеуінді. Білмедім оқуыма кешіккенде, Бұндай ғажап бейнені көрерімді.

АНА

Ана деген өшпес есім жүректен, Ақыл берген шығу үшін түнектен. Қанша кате жасаса да құлыны, Ана шіркін, жақсы көрген жүректен.

Бесіктегі тербетіп шақалағын, Өмірдің жеді кейде шапалағын. Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай, Аямай мейірім мен қамқорлығын.

Өсірді басқалардан кем қылдырмай, Сондықтан басқалармен тең жүрдің-ай. Өсіп алып анана сөз жарқанда! Ана шіркін, күтпейді сенен бұлай.

Рахмет айтам әрқашан мен анама, Қиналса да тастамады далаға, Аналарға ұзақ ғұмыр бере гөр, Мейірім қажет барлық балаға.



Назым
АЛМАТҚЫЗЫ,
№ 7 мектеп-
лицейінің
5 сынып оқушысы

ҰЛТЫ СҮЙГЕН ҰЛЫ АХМЕТ

Ұлылықты ұрпағы мен елі ұқты, Еркіндікте еліміз жүр ерікті. Ұлы Ахмет топырағында Ақкөлдін, Мың сегіз жүз жетпіс екіде келіпті.

Арда туған ұлы арысы Алаштың, Елің үшін қайғы жұтып қарастың. Сенің атың өшпейді енді мәңгілік, Тарихыма таңбадай боп жарастың.

Сара жолын саф алтындай салыпты, Төбемізге күндей жарық жағыпты. Ұлты сүйген ұлы Ахмет атамыз, Тіліміздің түп негізін салыпты.

150 жыл мерейтойың мәңгілік, Жанады атың жалындай боп әр күні. Қазағының көзін ашқан нұр бейнен, Жатыр мәңгі ел есінде жаңғырып.



Алуа КӨРІСБЕК,
№ 7 мектеп-
лицейінің
7 сынып оқушысы

ҚОС АҚЫНҒА АРНАУ

Рухын биік әрқашан ел есінде, Мінген асау білімнің кемесіне. Абай ақын Шәкәрім шәкіртімен, Бірге аттанып білімнің белесіне.

Елімізде жаңғырып есімдерің, Қос ақын – тірегім кеменгерім. Сіздер салған дара жол ағынымен, Еске алар өздеріңді туған елін.

Ақындардың рухыменен сырласу, Өрине, бұл жай күн емес, сыр ашу. Қазағының мақтанына айналдың, Ұрпағыңның жүрегіне жол салдың.

Жыр-мұшәйра атаулы күн біздерге, Ақын жырын жүрегімен сезгенге. Болашақтың жарқын жолын сілтеген, Мың рақмет, қос ақын, сіздерге!

«Жоқ!»-деп айтуды үйрен»

Ақпейіл МАРАТҚЫЗЫ,
Жалағаш ауданы,
№202 З.Жарқынбаев атындағы
орта мектептің 6 сынып оқушысы



Өмір – арнасы кең өзен, сол өзеннен өз арнамызды тауып ағу – менің басты мақсатым. Ал өз мақсатыма жету үшін қандай да бір қиындықтарға, кедергілерге қарсы тұруыма менің күшім жетеді. Өзімнің күшті жақтарымды көрсете аламын.

Күнделікті өмірде өз-өзімді тәрбиелеп, алдыма мақсат қойдым. Мен есірткісіз өмірді тандадым. Сол мақсатқа жету үшін адами құндылықтарды бағалай отырып, «өз өмірім өзіме құнды» деген қағиданы басты назарда ұстаймын.

Бір-ақ рет берілетін баға жетпес қымбат сыйды маған сыйлаған кім?...

Өрине, ол – менің ата-анам. Сондықтан мен оларды ренжітпеуім керек. Себебі, біріншіден ол маған «өмір» сыйлады, жарық дүниені көрсетті, мені өсірді, түн ұйқысын төрт бөліп, аялады. Мен анам сыйлаған өмірді лайықты сүруге тиістімін.

Ғажайып өмір! Сұлулық пен үйлесімділікті талап ететін татті өмір! Адам мен адамгершілікті қалайтын тамаша өмір! «Өмір» шынымен де тәтті, ғажап, тамаша. Алайда осы сұлулықты, ғажап өмірдің қадірін түсінбейтіндер көп. Қайталанып келмейтін, Алла-ның берген сыйын адамгершілік, имандылықпен неге өткізбеске?!

Дегенмен әркімнің арманы әртүрлі екен. Түрлі ақпарат көздерінен, есірткі мәселесінің қаншалықты ауыр екендігін білдім. Бұл тақырыптағы мәліметтерде нашакорлыққа душар болғандардың жан түршігерлік көріністеріне куә болдым. Нашакорларға анасы да, достары да, оқуы да қажет емес екен. Олардың бүкіл әлемі – есірткі.

Мен қазір жер бетінде «нашакорлық» деп аталатын зұлымдық жайлаған уақытта өмір сүрудемін. Бұл ауру – адам ағзасының ауыр психикалық және физикалық бұзылуына әкеп соқтыратын есірткі қолдануға құмарлық. Алайда көпшілікті «қорқыныш» сезіміне баулитын заттар, жас балаларды қызықтырып, көбінің өміріне балта шабады.



Есірткі – зұлым! Әрбір саналы адам мұны түсінеді. Ең бастысы – дер кезінде «жоқ» деп айту. Адамның мықты ішкі өзегі болуы керек. Күшті рух болуы қажет! Адам – жеке тұлға, ал жеке тұлға өзінің даралығын көрсете білу керек! Есірткіге жол жоқ!

Дана бол! Өмір керемет! Мен өмірді қалаймын! Есірткісіз ғажайып өмірді қалаймын.

Өмір сынынан сүрінбей өту – әр адамның басты парызы. Мен аңсаған арманымға жету үшін өмір бойы күресемін. Сені де ғажайып өмірге шақырамын.

БАЛА – ОТБАСЫНЫҢ АЙНАСЫ



Меруерт МАХАМБЕТ,
№ 147 орта мектебінің
8 сынып оқушысы

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әрбір ата-ана өз баласының болашағынан зор үміт күтеді. Баласының жақсы оқып, жақсы азамат болуын арман етеді. Өйткені ол – ұрпақ өмірінің жалғасы, болашағы мен мұрагері. Отбасынан жақсы тәрбие алған бала әрі қарай, балабақшадан одан әрі мектептен өзін шыңдай түседі. Қазақта: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» – деген жүрекке жылы тиетін әдемі мақал бар. Сондай-ақ «анасын көріп қызын ал, ыдысын көріп, асын іш» дейді үлкендер. «Тәрбие – әкенің қанымен, ананың сүтімен келеді» деген де тәрбиелі сөз бар.



Бала өзі жақсы көрген кісіге еліктегісі келеді. Олай болса, сүйіспеншілік бала тәрбиесіндегі негізгі қағида. Бала өзінің жасаған қателігінің парқын түсіне бермейді. Сондықтан оған ұрсып, жекіп емес басқаша түсіндіру керек. Бала өзінің маңдайынан сипаған, өзін

тырысады. Баланың мейлінше көңіл бөлінген. Барлық жағдай жасалған. Ал сол тәрбиені біз дұрыс пайдалана білуге тиістіміз. Дегенмен әрбір бала – әр отбасының айнасы, оның болашағы. Сондықтан ата-анамызға кір келтірмеу үшін тәрбиелі болып өсейік. Біз – отбасының таза бейнесіміз.

Менің әжем



Сезім
МУСЛИМХАН,
Ж.Нұрсейітов
атындағы №233 орта
мектептің
3 сынып оқушысы

Менің әжем өте мейірімді. Бізге жаны ашиды, жақсы көреді, ақылын айтады. Үйде әжеммен бір бөлмеде ұйықтаймын. Түнде жатарда ертегі айтып береді. Айтатын ертегілері сондай қызық. Ертеніне ол ертегіні қайталап айтпайды. Көп әдеби кітаптар оқиды. Бізді үй жақтағы кітапханаға

жігі ертіп апарарды. Кітапханашы апай да бізді күлімдеп қарсы алып, алдымызға керемет кітаптарды әкеп береді. Қайсысын оқырыңды білмейсің. Ал әжем болса, түрлі-түсті кітапты қолына ұстап, аша бастайды. Үйге кітап ала келеді.

Әжем ән тыңдағанды жақсы көреді. Өте көңілді жүреді. Кейде жұмыстан шаршағандықтан, басы ауырып қалады. Ондайда менің көңіл-күйім түсіп кетеді. Мен «әжем аман болса екен» деп тілеймін. Әжемнің ақыл-кеңесін тыңдаймын. Сондай қамқор дауыспен «Сезімім» деп, мені мейірленіп құшақтайды.

Міне, менің әжем осындай. Әжемнің ыстық құшағы, алақаны, көзқарасы мені қуанышқа жетелейді. Мен әжеммен бақыттымын!

– Мына жерде бұлақ бар. Сол бұлақтың көзі бітеліп, түбі тартылып, жағдайымызды қиындатып жіберді. Құмның арасында жұмыртқадағы балаларымыздың өніп шығатын кезі жакындады. Не істерімді білмей отырмын, – деп тасбақа көлеңкеге тығылды. Жолаушы күні-түні бұлақты қазып, көзін ашып, бұлақтан мөлдір су аспаңға атқылап, теңіз суға толады. Тасбақа алғысын білдіріп:

– Ей, жолаушы, екеуіміздің бұл өмірдегі көрер бейнетіміз бен қуанышымыз бірдей. Мен өмір бойы арқамдағы ауыр

тасты арқалап келемін. Ол менің қысы-жазы баспанам, балаларымыздың өсіп-өнуіне жағдай жасаймын. Сен де ұрпағың үшін үй салып, тапқаныңды арқалап, өсіп-өніп келесің, тағдырымыз ұқсас, – дейді.

Айдыңның суына шомылып, олар рахаттанды. Су ішіп, табиғат жасыл желекке айналды. Жолаушы табиғаттың әсем сұлулығына тамсана қарап, қамқор болғанына қуанды.

Алтынай БЕРІК,
Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің
2 курс студенті



Ерте заманда бір тасбақа болыпты. Ол арқасындағы ауыр жүгін арқалап, өмірі бейнетпен өтіп келеді екен. Бірде алыс сапардан әбден шаршап, шөлдеп келе жатқан бір жолаушыға кез болыпты.

«Ей, жолаушы! Қайдан келесің?» – дейді. Жолаушы жауап беруге шамасы келмей, ағаш түбінде

ТАСБАҚА

жүрелеп отырып, ұйықтап кетеді. Ояна келе алдында бір үзім нан мен бір кесе су тұрғанын көреді. Жан-жағына жалтақтап қарап еді, ешкім көрінбеді. «Менің жағдайымды жасаған кім



екен?» – деп таңғалды. Сол кезде тасбақа: – Шөлің қанып, қарныңа ас барды ма? – деп сұрай-

ды. – Тасбақа, рақмет! Бұл жақсылығыңды қалай қайтарсам екен? – дейді жолаушы. Сонда тасбақа:

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«АҚМЕШІТ» ЛИЦЕНЗИЯДАН АЙЫРЫЛҒАН ЖОҚ

«Ақмешіт апталығы» газетінің осы жылдың 21 қаңтарындағы №6 санында «Болашақтың» студенттері далада қалмайды» атты мақала жарияланған болатын. Жазылған мақалаға орай бірнеше оқырманымыз хабарласып, «мақалада қазіргі «Қызылорда технология және қызмет» институты яғни бұрынғы «Ақмешіт» институты да лизенциясынан айырылғаны туралы жазылыпты, ақпарат қаншалықты рас?» деп сұрау салды.

Оқырман сауалына орай мәселенің анық-қанығын білу мақсатында аталған оқу орнының проректоры Ерлан Шынбергеновке жолықтық.

– «Қызылорда технология және қызмет» институты Сыр өңірінің білім беру ісінде өзіндік орнын қалыптастырған жоғары оқу орнының бірі, – деп бастады әңгімесін проректор.

Бұрын «Ақмешіт» деп аталған жоғары оқу орны 1998 жылы құрылған. Алғашқы жылдары оқу үдерісі «Техника және бизнес» факультетінің «Математика және ақпараттық технология», «Эконо-

мика және менеджмент», «Жалпы инженерлік пәндер», «Әлеуметтік пәндер» кафедраларында ұйымдастырылған. 25 жылдық тарихы бар оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында атқарылған жұмыс аз емес.

Осындай мәліметтерді алға тартқан оқу орнының проректоры Ерлан Әлімжанұлы «Ақмешіт» институтының лицензиясынан айырылмағанын, «Қызылорда технология және қызмет» институты болып тек атауын ғана өзгерткенін мәлім етті.

Проректор берген мәліметке сүйенсек, «Қызылорда технология және қызмет» институты 2022 жылдың маусымын-

да Қазақстан Республикасында танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енген Қазақстанның заманауи (элиталық) білім ассоциациясы (KAZSEE) арқылы халықаралық институционалдық және білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуінен өткен. Нәтижесінде институтқа KAZSEE-дің аккредиттеу кеңесінің шешімімен 5 жыл мерзімге институционалдық және білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуінен өткендігі туралы сертификаттар берілген. Бүгінде бұл білім ордасы бакалавриаттың 18 білім беру бағдарламасы бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің лицензиясына сәйкес жұмыс жасап отыр.

Айта кетейік, бұған дейін «Қызылорда технология және қызмет» институты мен «Болашақ» университеті бірігетінін жазғанбыз. «Қызылорда технология және қызмет» институтының бас лицензиясы негізінде екі оқу орны бірігіп, жаңадан «Қызылорда Ашық университеті» құрылады.

«Ақмешіт ақпарат»



МАҚСАТЫМ – ӨНЕР БИІГІН АСҚАҚТАТУ

Әсем әннің жаныңды емдейтін тысым сыры бар. «Әннің де естісі бар, есері бар» деп хакім Абай тегін айтпаса керек-ті. Әннің адам жанын емдейтін пайдасы жөнінде ғалымдар да айтады. Өндер топтамасын алып қарасаңыз әрқайсысының құрылу тарихы әртүрлі. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» дегенді де сол дана Абай айтпай емес пе?! Байқап қарасаңыз өміріміз әнсіз өтпек емес. Сондықтанда болар, өмір-өлшеулі, өнер-өміршең дейтін. «Маған қазақтың даласы ән салып тұрғандай көрінеді» демең пе еді орыстың ұлы зерттеушісі Затаевич бір кездері. Қандай көрегенділікпен берілген баға. Біздің тарихымызда есімін алтын әріппен жазып қалдырған хас таланттар қаншама. Қадау-қадау жүйріктердің ішінен қадап атарымыз Иса Байзақов, Шәмші Қалдаяқов қазақтың ән әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған өрендер. Бұл өткеннің өнегесі, бүгіннің бағдаршамы.

Сазбен сөздің тұғырындай болған Сырдария өңірі небір саңлақтарды тудырып, бесігіне бөлеп тербетіп, қыранша қыяға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Алаштың анасы атанған аймақта да ән ғұмыр әсте үзілген емес. Топырағын түртіп қалсаң жыр болып төгілетін тұранның төрі талай таланттарды түлеткен тұғыр. Ұлы Отан соғысы жылдарында жауынгерлерге отты әндерімен отаншылдық рух сыйлаған Роза Бағланова, қазақтың «Ақбаны» атанған Мәдина Ералиева шырқаған шырайлы әндер талай шыңдарың шаттығын тербеп, талай ғашықтың сезімін шалқытты.

Осындай өрелі өнеріміздің бүгінгі жалғасындай болған жас әнші Руслан Садықовтың есімі көпшілікке танымал. Ол ән әлеміне өз қолтаңбасымен келген өнерпаз. Атырау мен Алтайдың, Алатау мен Қаратаудың арасын көркем дыбыс, кестелі әуезбен әрлеген дала дарындарының дәріпті жалғасындай.

Руслан Бекарысұлы өзінің тума талантымен көзге түсіп жүрген өнер иесі. 1993 жылы аудандық «Әнші балапан» байқауына қатысып жүлделерлер қатарынан көріне бастайды. Өнердегі шығармашылық жолы 1995 жылы облыстық «Таңшолпан» телевизиялық байқауынан басталып, кейіннен түрлі сайыстарға қатысып, жеңімпаз атанады. 1997 жыл Руслан Садықовтың шығармашылық дамуындағы жемісті жыл болды. Павлодар қаласында өткен халықаралық фестивалде лауреат атанып, Эстония елінде өткен «Аллау» халықаралық шығармашылық фестиваліне жүлделі 2 орын иеленді. 1999 жылы Қызылорда музыкалық колледжіне оқуға қабылданып, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қаракөз Ақдаулетованың «Ән салу, вокал» бөлімінде білімін жетілдіреді. 2001 жылы «Жас қанат» әншілер конкурсында, Үкілі Ыбырайдың «Гэкку» әнін орындап, «Күміс қанат» иегері атанды. Сол жылдан бастап шығармашылық жұмысын жетілдіре түседі. 2002 жылы Белоруссияның Витебск қаласында өткен үлкен халықаралық «Славянский базар в Витебске» конкурсына қатысады. 2003 жылы Қызылорда музыкалық колледжін тәмамдап, Астана қаласындағы Қазақ ұлттық музыка академиясының «Эстрада және джаз» факультетіне

Е.Коробейникованың сыныбына оқуға түседі. 2004 жылы Эстонияның Таллин қаласында өткен I халықаралық «Эду-2004» әншілер конкурсында лауреат атанып, Эстония Республикасындағы Қазақстанның құрметті консулы Ааду Лукастың құрмет грамотасымен марапатталды. 2005 жылы Украинаның ежелгі Феодосия қаласында өткен халықаралық «Крымская волна» әншілер конкурсында халық әні «Назкоңырды» орындап лауреат атанады. 2006 жылы Украинаға жеке концерттік бағдарламасын ұсынды.

Өнер жолындағы азды кем еңбегі еленіп, Мәдениет саласының үздігі төсбелгісімен марапатталды. «Таң аруы» атты ұнтаспасы жарық көрді. 2021 жылы «Zhuldyz TV» және «Muzlaib» музыкалық телеарналарының жыл таңдауы бойынша «Сахна серісі» аталымымен марапатталды. 2022 жылы «Қош келдің – Әз Наурыз» телеконцертінде «Тыңдарман таңдауы» аталымы табысталды. 2022 жылы Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағының «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

Әншінің репертуарындағы туындылардың жөні бөлек. Ол Серік Меңдіқұловтың «Жастық шақ», акын, композитор Д.Торғаеваның «Бауырларыма» атты әніне бейнебаян түсіріп, тыңдармандарының ыстық ықыласына бөленді. Р.Гайсиннің «Күтемін сені» атты әніне түсірілген бейнебаян көрермен көңілінен шықты. Мұның барлығы – әншінің өнерге деген шынайы сүйіспеншілігінің дәлелі болса керек.

Саз әлемінің сахнасына келіп, көрермен көзайымына айналған әнші жиырма жылда көптеген табысқа қол жеткізді. Әнші сахнадағы 20 жылдығына орай ән кешін өткізді.

– Сахнаны киелі деп бекер айтпайды. Онда өнер көрсеткен адам міндетті түрде халықтың құрметіне бөленіп, шығармашылығы мен ізденісіне сай бағасын алады. Менің өнер жолыма келуіме Кеңес Дүйсеев, Қаракөз Ақдаулетова, Жағымпар Қарабала, Алмагүл Божанова, Рамазан Тайманов сынды аға-әпкелерім жол көрсетті. Ән кешімде репертуарға жаңадан қосылған әуезді әуендер шырқалып, тыңдарманға жол тартты. Сыр жұртшылығы ұлы өнерден кенде емес. Өйткені Қорқыт бабаның қобызы осы өлкеде күмбірлеп, ән сүйген жүректерге шабыт сыйлаған. Бұл руханияттың ескімес нәрі. Сол асыл құндылықты өз деңгейінде көтере алсам, мақсатымның орындалғаны, – дейді Руслан Садықов бізбен әңгімесінде.

Иә, ән – көңілдің ажары, ән – өмірдің базары. Көшеде жүрсең те, көлікке мінсең те ән тыңдап, көңіл-күйімізді көтеріміз. «Ән әнішін тапқан екен» деген сөз бар ел аузында. Айтылған әннің алдындағы адамға әсер етіп жатса сенің жетістігің. Өйткені жүректен шыққан сөз қашанда жүрекке жетеді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Тұсау кесу – қазақ халқының әдемі дәстүрі. Кішкентай баланың алғашқы іздері жер бетін шимайтайды. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмір жолы басталады. Тұсаукесер – баланың өмір жолының сәтті болуы үшін ақ ниетпен жасалатын дәстүр. Қазіргі қазақ қоғамында баланың тұсауын кесуде көбіне ала жіп пайдаланады. Бұл «Жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ жалған тіршіліктің ақ пен қарадан, адалдық пен арамдықтан тұратынын ескеріп, осы бір-біріне қайшы екі әлемнің ара-жігін ажырата алсын деген тілекпен ала жіппен кескен.

Оның астарында біреудің ала жібін аттама, бүлінгеннен бүлдіргі алма деген тоқтам жатыр. Ең құрығанда бұзауға бас жіп болады деп дүниенің ең азы – біреудің бір құлаш жібіне қызықта, ондай арам ойынды тұсауыңдағы жіпті кескендей шорт кесіп отыруға тырыс деген



қазақ халқының ұмыт қалған этнографиялық бұйымы. Әдетте мұндай әшекейді бай-бағландар тұсау кесу рәсімі үшін зергерлерге арнайы тапсырыспен дайындатқан. Тұсаукесер әшекейі бай-қуатты адамдардың дәулетінің көрсеткіші саналатын. Көп жасалмағандықтан, өте

тұсаукесер дәстүрінде пайдаланылған. Қазақ халқы үшін тазалықтың символы саналатын күмістен соғылған. Түрлі асыл тастармен әрленген. Күміс қоңыраушалармен безендіріл-

бар. Әр салпыншаққа үш-үштен бағалы тастар ілінген. Үлкендеу тас – қызғылт маржан (коралл), кішілеу тас – қызғылт маржан ең кішкентай қоңыр түсті жылтыр тас – алтын ақық (сердолик). Шенбер диаметрі – 5,5-6 см. Әшекей тұсауы кесілетін баланың екі аяғына кигізіледі. Кигізуге ыңғайлы болуы үшін жанында ашылып-жабылатын арнайы ілгері бар. Қос шенбер баланың аяғына кигізіліп, арасына ала жіп байланады. Ұмыт қалған бұйымды Сыр елінің тумасы, елге белгілі шебер Бекзат Жақыпов бұрама, соғу, дәнекерлеу техникасымен жасаған.

Қазіргі таңда тұсаукесер әшекейі Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Этнография» залы экспозициясына қойылып, халық назарына ұсынылып отыр.

Өйгерім БЕКҚҰЛИЕВА,
Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі

ТҰСАҰКЕСЕР ӘШЕКЕЙІ – ҰҰМЫТ ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

астарында үлкен философия жатыр.

Қазақ халқы ертеректе өріліп-есілген көк шөппен, малдың тоқ ішегімен де кескен. Көп шөппен кесудің түбінде «ұрпағым көбейсін, өніп-өсіп, көктеп-көгерсін» деген тілек жатыр. Ал тоқ ішектен кесу баланың өмірі «тоқшылықта, молшылықта өтсін» деген ниетке саяды.

Қазақ халқында баланың тұсауын арнайы әшекей тағып та кескенін білесіз бе?! Мұны бірі білсе, бірі біле бермейді. Тұсаукесер әшекейі –

сирек кездеседі. Дегенмен бұл бұйым – тұсаукесер дәстүріндегі әдемі эволюция.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің этнографиялық зерттеулері нәтижесінде ұмыт қалған бұйым қайта жаңғырып, облыстық музей директоры Сапар Көзейбаевтың қолдауымен музей қорын толықтыру мақсатында әшекейдің жаңғыртылған нұсқасы арнайы жасатылды. Тұсаукесер әшекейі XIX ғасырда қазақ қоғамында

ген. Бала туған жердің топырағын алғаш тәй-тәй басқанда күміс қоңыраушалар сылдырлап, бүкіл әлемге қазақ баласының алғашқы қадамын жар салып тұрғандай әсер қалдырған.

Музей қорындағы тұсаукесер әшекейінің қос шенбері таза күмістен соғылған. Беткі бөлігіндегі арнайы көзге қызыл ақық орнатылған. Бұл әшекейге сәндік беру әрі баланы тіл-көзден сақтау мақсатында жұрт назарын аудару. Екі шетінде екі-екіден төрт салпыншағы



Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмысында арқау етті. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен қазақ баласы өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білген. Мәселен, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасайды. Сондай-ақ жылдың әр айы мен тоқсанында болатын күн қабағындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын әрқаз назарда ұстайды. Оған ат қойып, айдар тағып, баға

беріп отырған. Мұндай жайларды үнемі қадағалап, күні бұрын болжайды. Табиғат құбылыстарын жұлдыз арқылы бақылап отыратын халық өз қамына қарай көш бастайтын болған.

Қаңтар айының ішінде күн суытып, қақаған аяз болатыны белгілі. Әсіресе қаңтардың соңы мен ақпанның алғашқы күндерінде қыс күшіне еніп, сақылдаған сары аяз болады. Ауа райының мұндай құбылысын үлкендер халқымыздың ертеден қалыптасқан «Бөрісырғақ» амалымен байланыстырады.

Зерттеулерге сүйенсек, бөрісырғақ – күн-қайыру мен ауа райын болжау танымындағы амал атауы. Қаңтар айының 15-нен 19-ы күнінде ат құлағы көрінбейтін борандар соғады. Көпті көрген көнекөз қариялар қасқырлардың жұптасуына орай қаңтардың осы түнін «Бөрісырғақ» деп атайды. Сырғақ леудің себебі қатты соққан бораннан қар үстінде ештеңе тұра алмай, сырғанап ұшып кетеді. Ертеде бабаларымыз осы күні нәрестені қырқынан шығарып, «қасқырдай батыр болар» деп ырымдаған.

Сонымен қатар зерттеуші Н.Уәли күрделі атаудың екінші сынары «сырқақтың» мағынасын бұршақпен, кішкене мұзды қар түйіршектерімен байланыстырады. Бұл амалдың көпкөже, тілеукоже деген жанама аттары бар. Мұндағы көпкөженің амал болып аталуының себебін халық жаугершілік заманындағы жеңіс сәттерін тойлаумен байланыстырады.

– Бөрісырғақта даланың қожасы – қасқыр. Басқа күндері мал мен адамға көп соқтыға бермейтін, адам көрсе жақындай қоймайтын қасқырлар осы амалда көздері қанталап, былайғы әдептерін ұмыт қалдырады. Көздері қыпқызыл болған қаскөңдер адам болсын, мал болсын жолында кездескенді жайратып салып кете береді, – дейді білетіндер. Сондықтан да осы амалдың кезінде бұл жағдаймен таныс көнекөз қариялар бұл амал кезінде малын алысқа ұзатпай, адамдарына да сақ болған.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, жаңаландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 2795 Тапсырыс №119 Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
--	---	---	--	---